

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.2 – Б.73-74

## **ҚЫСЫММЕН ӨНДЕУ ПРОЦЕСІН ҚОЛДАНУ НЕГІЗІНДЕ ҚАЙТАЛАМА АСТЫҚ ӨНІМДЕРІН ҚАЙТА ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ**

*Төлеева Т.*

Елдің қарқынды даму жолына көшудің өзекті мәселелерінің бірі , қазіргі кезеңде , табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану проблемасы болып табылады. Осы проблеманы шешу жолдарының бірі қайталама шикізатты барынша пайдалану болып табылады . Қалдықтарды қайта өңдеп пайдалану - қайта өңдеу кәсіпорындарын техникалық және экономикалық көрсеткіштерін жақсарту сондай-ақ жоғары экономикалық мәні бар тауар қорларын қалыптастыру бойынша шығындарды қысқарту болып табылады. Осы салада озық технологиялық әдістерін енгізу.

Қайталама астық өнімдерін қайта өңдеу технологиясын жетілдіру мақсатында экструдирлеу үрдісі қолданылады. Экструдирлеудің негізгі мақсаты дәнді және бұршақ жемшөп компоненттерін тағамдық құндылығын арттырудың ең тиімді жолы .Жем дайындаудың экономикалық тиімді тәсілдерінің бірі шнекті пресс-экструдер үрдісі болып табылады. Экструзия үрдісінің ерекшелігі бірнеше үрдістерден тұрады, араластыру , қысу , жылыту , зарарсыздандыру , қалыптау және т.б.

Экструзия үрдісін пайдалану жемшөп өндіру сіңімділігін жақсартады және жем-шөп тұтынуды молайтады. Экструзиялық жоғары сапалы , жеңіл сіңетін жем өндіруге пайдаланылады. Экструзия өнімі дезинфекциялау , тегістеу , сусыздандыру және тұрақтандыруға жататын ,сондай-ақ , өнімнің қоректік сіңімділігін арттыру мақсатында , белсенді ақуыз молекуласын арттыру үшін қолданылады. Қазіргі уақытта пайдаланылатын әдістер қоректік заттардың сіңуін арттырады, бірақ олардың құрылымын өзгерте алмайды, ұсақтау немесе тегістеу арқылы астық физикалық түрінде өзгеруіне негізінен шектеулі. Тамақтандыруға арналған жем дайындаудың бірі тиімді әдісі экструзия болып табылады.

Бәсекеге қабілетті мал шаруашылығы өнімдерін қамтамасыз ету мақсатында тікелей ауыл шаруашылығы осы саланың дамуына байланысты күшті азық-түлік базасын құру қажет. Сондай-ақ осындай жолмен қайталама астық өнімдерін (қалдықтарын) қайта өңдеу барысында қалдықсыз технологияны ұйымдастыру, сонымен қатар шығынсыз технологияны ұйымдастыра отырып қоршаған ортаны ластаудан қорғаудың ең тиімді жолы болып табылады.

## Әдебиеттер тізімі

1. Tsakaloudi, V.; Holz, D.; Zaspalis, V. JOURNAL OF MATERIALS SCIENCE Том: 48 Выпуск: 10 Стр.: 3825-3833 Опубликовано: MAY 201
2. Торнер Р.В. Основные процессы переработки полимеров. М.: Химия, 1972.-456 с.
3. Экструдер для обработки сои и кормов//Комбикорма. 2004